

3. Прищепова И.В. Дизорфография младших школьников: Учебно-методическое пособие / Прищепова И.В. – СПб.: КАРО, 2006.
4. Садовникова И.Н. Происхождение специфических ошибок младших школьников при письме. / Садовникова И.Н. // Начальная школа. – 2001. – № 8.

Annotation

Writing – a complex form of speech activity. The structure of this process depends on the stage of mastering the skill, task, and the nature of the letter. Aborted higher mental functions can disrupt the process of mastering the letter – “dizorfografiya”. In modern literature there is no single approach to understanding the causes and manifestations of dizorfografiya.

Key words: writing, written speech, oral speech, formation of speech function, formation of process of writing, dizorfografiya, infringement of oral speech, infringement of written speech.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРГЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Молдахметова Г.М.

Қазақстан, Қостанай педагогикалық колледжі

Елбасы Н.Ә. Назарбаев мемлекетіміздің болашақта дамуына арналған «Қазақстан – 2030» бағдарламасында жоғары білімнің сапалылығы, адам сүйгіштігі және ғаламдануы арқылы мәдениет жасауға, интеграцияға ерекше мән бергені белгілі. Интеграциялық оқытуды жүзеге асыру, оның ғылыми деңгейін арттыру, тұтастай алғанда оқушылардың танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру, тіл мәдениетін дамыту міндеті күн тәртібіне қойылған ділгір мәселелердің бірі екендігіне дау жоқ. Осыған орай интеграция, интеграциялық оқыту мәселесі сан қырынан зерттелуде. Оқыту мен тәрбиелеудегі пәнаралық байланыс мәселесін және білім берудегі интеграцияны әр түрлі негізде жасауға Н.В.Малахов, И.А.Лошкарёва, В.Н.Максимова, Н.Я.Виленин тағы басқалар зор үлес қосты. Қазақстандық педагогикада жалпы білім беретін мектептегі оқу-тәрбие үрдісіндегі интеграция мәселесінің педагогикалық негізін Б.Т.Набиева, А.Ерімбетова, А.А.Әбдиева тағы басқалар сипаттады.

Педагогикалық үдерістегі интеграция ұғымын зерттеушілер бұрын бөлшектелген бөліктерді біріктіруге байланысты даму үдерісінің бір тармағы деп түсіндіреді. Осы тұрғыдан қарастырғанда, кейбір пәндерге қатысы бар материалдарды белгілі бір пән ауқымында жеке өткеннен гөрі, оның мазмұны кең қамтылатындай етіп, интеграцияланып оқытылғаны тиімді. Интеграциялау – материалды жан-жақты игерту, оқушылардың сабақта алған білімдерін өмірлік практикада қолдануда тиімді әдіс. Сонымен бірге оқушының саналық, адамгершілік, эстетикалық көзқарастарын ұштауда, оқу мерзімін тиімді пайдалануда, оқу-тәрбие процесін басқаруда пайдасы зор.

Бұл үрдістерді кеңінен қолданысқа енгізудің алғышарттарының бірі және бірегейі – заман талабына сай, интеграциялық үрдістерді жетік меңгерген педагог мамандарды даярлау екендігі сөзсіз.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқытындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтардың еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялар мен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтардың, зиялы қауымның деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орында-

рының басты мақсаты – мамандықты игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Болашақ мұғалім – кәсіптік білім сапасын жетілдіруші қазіргі жоғары мектепте білім алушы студент. Білім саясатында түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Студент – біліммен қаруланған маман иесі, болашақ мұғалім. Студенттер оқытушы қауымнан тек білімге ғана, өмірге де үйретін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтарымыз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы; жедел шешім қабылдаушы; ерекше ұйымдастырушылық қабілетті; нақты бағыт - бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім – қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде, белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін стандартына сай тұлғаның жан-жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай да бір жағдаяттарында қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтың құзыреттілігіне байланысты болады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік – кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін мұғалімнің жеке қасиеттерінің, оның білімі мен білігінің жүйесі. Өзім қызмет атқаратын Қостанай педагогикалық колледжінде педагогтарды даярлау ісінің көптеген ерекшеліктері бар:

- оқытудағы жаңа технологиялар,
- колледждің өз ішінде қалыптасқан ерекше байқаулар, мысалы жыл сайынғы өтетін бітіруші студенттер арасындағы педагогикалық шеберлік байқауы,
- колледждегі тәрбие жұмыстары, оларды ұйымдастыру,
- жүргізілетін қосымша пәндік курстар т.б.

Болашақ кәсіби мамандыққа көзқарас, негізінен, оқыту ісінің сипатымен анықталады, онда көптеген ғалымдар атап өткендей, алдағы кәсіби қызмет моделінің анықталуы көзге елестетілетіндегі болу керек. Осы кездегі кәсіптік білімді дамыту жағдайында маманның жеке басының даму проблемасы алдыңғы қатарға шығады, сондықтан оқытушы кәсіби білім беру жүйесіндегі өзгеріп тұратын әлеметтік – экономикалық жағдайлар мен жағдаяттарды ескере отырып педагогикалық үрдісті тиімді етіп ұйымдастыра білуі тиіс. Сондықтан кезкелген оқытушының басым бағыты студенттермен жұмыс істегенде олармен арақатынастың жаңа жүйесін құра білуі керек.

Қазіргі кезде білім беру қоғамның қоғамдық, ғылыми және өндіргіш күштерін интеграциялауға қол жеткізудің қажетті шарты және құралы болып табылады. Өйткені кәсіптік білім беру – адамның жүйеленген сапалы білімді, кәсіптік дағдыны және білікті меңгеру, ақыл-ойы мен сезімін дамыту, дүниеге көзқарасын және танымдық ойларын қалыптастыру үрдістері мен нәтижесі. Сапалы маман деп әр алуан фактілер мен құбылыстарды танып – білуге жалпы көзқарасты білдіретін ортақ идеяларды, ұстанымдар мен әдістерді меңгерген, қабілеті мен біліктілік деңгейі жоғары сапалы маманды айтуға болады.

Кәсіптік білім берудің жалпы мақсаты – бітіруші бойында кәсіби және тұлғалық сапаларды жоғары қалыптастыру, бұл оқу орны жұмысының соңғы нәтижесі болып табылады. Кәсіптік білім беру мекемелерінің міндеті – маманды белгілі уақыт ішінде кезең – кезеңмен қалыптастыру үшін жалпы мақсаттарды шағын мақсаттарға бөлу. Кәсіптік білім сапасымен анықталатын қоғамның интеллектуалдық әлеуеті экономикалық және әлеуметтік даму факто-

ры ғана емес, сонымен қатар республиканың саяси, экономикалық дербестігінің, өмір сүруінің маңызды күші.

Әдебиеттер:

1. Бекбосынов М. Интеграция әдісін сабақта қолданудың тиімділігі /Қазақ тілі мен әдебиет орыс мектебінде. 2009 №1. 15-19 б.
2. Жайлауова М., Әбуова А. Пәнаралық байланыс / Бастауыш мектеп 2004. №4. 22-24 б.
3. Турекулова П.Ш. Интегрированные уроки в развитии продуктивной деятельности учащихся // Автореферат. 2006.

Annotation

Nowadays the pedagogical activity takes an important place. Integration – is the method to discern material in order to use it on the practice. The upbringing of future generation is the task of the teachers.

СИСТЕМА КАЧЕСТВЕННОЙ ПОДГОТОВКИ ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ К ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫМ ОЛИМПИАДАМ В УСЛОВИЯХ ШКОЛЫ ИННОВАЦИОННОГО ТИПА

Мусабекова Г.А

Казахстан, Костанайский государственный педагогический институт

Реформы, проведенные в системе образования Казахстана за последнее десятилетие, направленные на гуманистические, личностно ориентированные, развивающие технологии, изменили отношение к учащимся, проявляющим неординарные способности. Об этом свидетельствуют принятые Государственная программа поддержки молодых талантов, Концепция развития детской одаренности, Распоряжение Президента РК "О государственной поддержке и развитии школ для одаренных детей". Был создан Республиканский научно-практический центр "Дарын", пополнились образовательные учреждения, учебные и социальные программы, общественные организации, ставящие целью выявление, обучение, поддержку одаренных детей.

В развитии детской одаренности важное значение имеет преобразование характера обучения в отношении таких его сущностных и инструментально значимых свойств, как целевая ориентация, характер взаимодействия педагога и учащихся, их позиции в ходе обучения.

Между тем, акцентируя внимание на системных подходах к работе с одаренными учащимися в инновационной школе, а именно подготовке олимпийского резерва учащихся, следует отметить, что для данной системы основополагающими являются:

- комплексное использование методов диагностики одаренности;
- развитие творческих и лидерских способностей учащихся;
- углубление дифференциации обучения по целям, содержанию и методам обучения;
- использование специализированных программ педагогического наставничества.

Системообразующая подготовка к олимпиадам должна начинаться в среднем звене. В 6-7 классах исследуются разносторонние способности учащихся по методикам: анкетирование, собеседования с учащимися, стартовые срезы по учебным дисциплинам, встречи, собеседования с родителями; мероприятия, направленные на выявление мотивации к обучению в усиленном режиме; психолого-педагогические мероприятия, направленные на изучение зоны ближайшего развития; дифференциация содержания образования, МТБ, учебно-методического обеспечения работы с детьми повышенной интеллектуальной активности для подготовки к олимпиадам.

Таким образом, к концу третьей четверти учащиеся – семиклассники по выявленным способностям и возможностям проходят отбор по предметам для подготовки к будущим олимпиадам. Для них разрабатываются задания по выбранному предмету, во внеурочное вре-